

Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесі

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 142 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 23 мамыр N 1136 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 (V064181) қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 қаулысымен .

Ескерту: Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 82 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін .

2. Банктерді тарату ісін бақылау басқармасы (Бадырленова Ж.Р):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдары осы

қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесін ерікті және еріксіз түрде таратылатын банктердің тарату комиссиясына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары Ә.З.Нәлібаевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 21 сәуірдегі

№ 142 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесі <*>

Ескерту: Ереженің 2-тармағынан бастап бүкіл мәтін бойынша "банктердің", "банктің" деген сөздерден кейін ", сақтандыру ұйымдарының", ", сақтандыру ұйымының" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы № 82 қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын орындау мақсатында әзірленді және ықтиярсыз және өз еркімен таратылатын банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мүлкін сату тәртібін а й қ ы н д а й д ы . < * >

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы № 82 ; ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы № 99 қаулыларымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде ықтиярсыз және ерікті түрде таратылатын банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (бұдан әрі - таратылатын банктер, сақтандыру ұйымдары) мүлкін сату жөнінде сауда-саттық - аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібі, таратылатын банктерде, сақтандыру ұйымдарында ақша жетіспеген жағдайда таратылатын банктердің, сақтандыру ұйымдарының мүлкін сату жөнінде

аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері белгіленеді. <*>

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 82 қаулысымен.

2. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру және банктің, сақтандыру ұйымының басқа да міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында таратылатын банктердің, сақтандыру ұйымдарының мүлкін сату жөніндегі аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын өткізу жөніндегі шешімді банктің тарату комиссиясы қабылдайды, ол тарату комиссиясы мәжілісінің хаттамасымен бекітіледі. <*>

Аукцион өткізген кезде сауда-саттық өткізудің ағылшындық және/немесе голландық әдісін таңдауды банктің, сақтандыру ұйымының тарату комиссиясының өзі жүзеге асырады.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 82 қаулысымен.

3. Банктерді ықтиярсыз және ерікті түрде таратқан кезде таратылатын банктердің, сақтандыру ұйымдарының мүлкін сату кезінде Сатушы болып саналатын тарату комиссиясы осы Ереженің талаптарын орындауға міндетті.

4. Таратылатын банктің, сақтандыру ұйымдарының аукцион немесе конкурс арқылы сатылуға тиісті мүлкін бағалау бағалау қызметіне арналған лицензиясы бар бағалаушының көмегімен жүзеге асырылады.

Көпшілік сауда-саттық арқылы сатылатын мүліктің бастапқы (старттық) бағасы бағалау құнынан төмен болмауға тиіс.

Таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының үйлері мен ғимараттары, олардың құнына қарамастан, бағалау құны 500 айлық есеп айырысу көрсеткішінен асатын көлік құралдары, мүлік бірлігінің бағалау құны 150 айлық есеп айырысу көрсеткішінен асатын басқа да мүліктері тек қана көпшілік сауда-саттықта сатылуға тиіс. Банктің, сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының мүлік бірлігінің бағалау құны 150 айлық есеп айырысу көрсеткішінен аз басқа мүлкін көпшілік сауда-саттығын өткізбей-ақ сатуға құқылы.

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 82 ; ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 99 қаулыларымен.

2-тарау. Осы ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар

5. Мүлікті аукцион арқылы сату - Сатушыдан банктің, сақтандыру ұйымының сатылатын мүлкіне қатысты қандай-да бір шарттар орындау талап етілмеген кезде, таратылатын банктің, сақтандыру ұйымдарының мүлкін неғұрлым қымбат

баға ұсынған аукцион қатысушысына сату.

6. Сауда-саттықтың ағылшындық әдісі - бастапқы (старттық) бағаны алдын ала жарияланған қадам бойынша жоғарылата отырып, ең жоғары баға ұсынған бір қатысушы қалғанға дейінгі сауда-саттық.

7. Сауда-саттықтың голландық әдісі - бастапқы (старттық) бағаны алдын ала жарияланған қадам бойынша төмендете отырып, қатысушылардың бірі объектіні жарияланған баға бойынша сатып алуға келісім берген кезге дейінгі сауда-саттық. Мұндай баға сауда-саттыққа қойылған объектінің (мүліктің) бағалау қызметіне арналған лицензиясы бар бағалаушының көмегімен банктің, сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы белгілеген бағалау құнының 50 процентінен төмен болмауға тиіс ең аз бағасынан төмен болмауы керек. <*>

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 82 қаулысымен.

8. Мүлікті коммерциялық ұсыныстар конкурсы (бұдан әрі - конкурс) негізінде сату - таратылатын банктің, сақтандыру ұйымдарының мүлкін конкурс жарияланған кезеңде неғұрлым қымбат баға ұсынған және мүліктің құнын белгіленген мерзімде төлеуді міндетіне алған конкурс қатысушысына сату.

9. Сауда-саттық өткізетін Ұйымдастырушы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) - Сатушы не оған уәкілеттік берілген делдал.

10. Таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының мүлкін көпшілік сауда-саттықта сататын сатып алушылар - сауда-саттыққа қатысу туралы өтініш берген және сауда-саттықтың ұйымдастырушылары оларды қатысушылар ретінде тіркеген заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі - Сатып алушы).

11. Таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының мүлкін сатушы - банктің, сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы (бұдан әрі - Сатушы).

3-тарау. Тарату комиссиясының көпшілік сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі өкілеттіктері

12. Тарату комиссиясы көпшілік сауда-саттықта таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының мүлкін сатуға байланысты мәселелерді өзі шешуге, сондай-ақ сатылатын мүліктің нақты тізімін және осы Ереженің 4-тармағын ескере отырып оны сату нысанын (аукцион немесе конкурс) белгілеуге құқылы. Банк соттың шешімімен таратылған жағдайда тарату комиссиясы таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының мүлкін сатуды сот бекіткен тәртіппен жүргізеді. Мұндайда банктің, сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы таратылатын банктің мүлкін белгіленген тәртіпке сәйкес мынадай шарттар мен мақсаттарға о р а й ж ү р г і з е д і :

1) банктің, сақтандыру ұйымының мүлкін мүмкіндігінше неғұрлым жоғары бағаға сату ;

2) банктің, сақтандыру ұйымының мүлкін сату шығынын барынша азайту;

3) қалыпты бәсекені ұстап тұру.

13. Сатушы және ұйымдастырушы Сатып алушылардың келісімінсіз олар туралы мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ.

14. Сатушы сауда-саттық Ұйымдастырушының міндетін делдалға беруге құқылы. Мұндайда олардың арасында шарт жасалады, онда:

1) объектілердің саны, сапасы және құны көрсетілген, сатылатын мүліктің тізімі бар сатылатын объектілер жөнінде ақпараттық қамтамасыз ету;

2) делдалға комиссиялық сыйақы төлеу мөлшері және тәртібі;

3) Сатушының қалауы бойынша басқа да шарттар көзделеді.

4-тарау. Аукцион ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Аукцион өткізуге дайындық

15. Сатушы немесе кредиторлар комитеті аукционда объект сату шарттарын белгілеуді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

16. Ұйымдастырушы аукцион өткізілетін күннен кем дегенде 10 күн бұрын республикалық немесе облыстық ресми баспа органдарында қазақ және орыс тілдерінде аукционда мүлік сатылатыны туралы хабарландыру жариялайды.

Аукцион ол туралы жарияланған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей ө т к і з і л у г е т и і с .

Ақпараттық хабарламада мынадай мәліметтер болуға тиіс:

1) аукцион арқылы сатуға ұсынылған сату объектісінің атауы;

2) сату объектісінің бастапқы (старттық) бағасы;

3) аукцион өткізу күні, уақыты және орны;

4) сатып алынған сату объектісі бойынша төлем шарттары;

5) сауда-саттыққа қатысу құқығы үшін кепілдік жарнаның мөлшері және төлеу мерзімі және оны аудару үшін Сатушының банктік есепшотының деректемелері ;

6) мекен-жайы, аукционға қатысуға өтініш қабылдау уақыты және мерзімі;

7) сату объектісімен танысу күні, уақыты және тәртібі;

8) аукцион өткізу әдісі;

9) Сатушының қалауы бойынша басқа да мәліметтер.

2. Сатып алушылардың аукционға қатысу шарттары

17. Таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының аукцион арқылы сатылатын мүлкін сатып алғысы келетін сатып алушылар аукцион басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей кепілдік жарнасын төлеуге тиіс.

Сатып алушы аукционға қатысу үшін Ұйымдастырушыға өтінім және кепілдік жарнасын төлегені туралы төлем тапсырмасын береді.

Аукционға қатысушылар сауда-саттыққа қатысушылардың еркін нысанда жасалған тіркеу журналына тіркеліп отырады.

18. Кепілдік жарна Сатушының тиісті банктік есепшотына сату объектісінің

бастапқы (старттық) бағасының 5 процентінен кем болмайтын мөлшерде ақша аудару жолымен төленеді.

Егер Сатып алушы аукциондағы бірнеше объектілерге қатысқысы келсе, бастапқы (старттық) бағасы ең көп бір объект үшін бастапқы (старттық) бағаның 10 проценті мөлшерінде кепілдік жарна төлейді.

Сауда-саттықта жеңіп шыққан және сатып алу-сату шартын жасаған қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты жөніндегі тиісті төлемдер есепшотына жатқызылады.

19. Сауда-саттық Ұйымдастырушы аукционға қатысушылардың билеттерін дайындайды, онда мынадай мәліметтер болады:

- 1) Сатып алушының сауда-саттыққа қатысу номері;
- 2) Сатып алушының сауда-саттыққа қатысқан объектісінің атауы;
- 3) сауда-саттық өткізу шарттары.

Сауда-саттық барысында басқа адамдардың аукцион билеттерін пайдалануына тыйым салынады.

20. Сатып алушы қатысушы билетін алған кезден бастап аукционға қатысушы мәртебесін алады, бірақ билетті сауда-саттық өткізілетін күнге дейін кем дегенде 2 күн бұрын алуы керек.

Аукционға қатысушының:

- 1) сауда-саттыққа өзінің немесе өз өкілдері арқылы қатысуына;
- 2) сауда-саттыққа шығарылатын сату объектісі жөнінде қосымша мәліметтерді, түсініктемені тегін алуға;
- 3) сауда-саттықта сатылатын объектіні алдын ала көруге;
- 4) оның құқығы бұзылатын болса, сотқа беруге;
- 5) жазбаша хабарлай отырып аукционға қатысу туралы өз өтінімін қайтарып алуға құқығы бар. Мұндай жағдайда кепілдік жарнасының сомасы аукцион өткізілетін күннен үш күн бұрын оған қатысудан бас тартқан адамдарға қайтарылады.

21. Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша аукционның қатысушысы болып саналмайтын адамдарға кіру ақысын белгілеп, кіру билетінің санын және бағасын анықтауға құқылы. Аукционның қатысушылары кіру ақысын төлеуден босатылады және аукцион қатысушыларының билеті бойынша аукционға кіреді.

3. Аукцион өткізу тәртібі

22. Аукцион оған кем дегенде екі Сатып алушы қатысқан жағдайда болады.

Егер бастапқыдан (старттық) төмен емес баға бойынша мүлік сатып алуға тілек білдірген бір қатысушы ғана қатысса, аукцион өтпеді деп саналады. Осы аталған жағдай қайталанған жағдайда мүлік Сатушы мен Сатып алушы арасында сатып алу-сату шартын жасау жолымен бастапқыдан (старттық) төмен емес баға

б о й ы н ш а

с а т ы л а д ы .

Аукцион өткізу жөніндегі әрбір факт және оның нәтижелері тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қоятын хаттама (акт) түрінде жеке ресімделуге тиіс.

23. Аукциондағы сауда-саттықты өзара жасалған шарт негізінде Ұйымдастырушы жалдаған жеке тұлға (бұдан әрі - Аукционшы) немесе Сатушы уәкілеттік берген адам жүргізеді.

24. Сауда-саттық Аукционшының сатылатын затты, оның қысқаша сипаттамасын, бастапқы (старттық) бағасын, бағаның өзгеру қадамын және сауда-саттық өткізу әдісін хабарлауынан басталады.

Аукционшы сауда-саттық барысында қадамның өзгеруі жөнінде хабарлай отырып, оны өзгертуге құқылы. Өзгеріс қадамы объектінің ағымдық бағасының 5%-нен 10%-не дейінгі шекте белгіленеді.

25. Сауда-саттық төменде сипатталған екі әдістің бірі бойынша өткізіледі:

1) Сауда-саттықтың ағылшындық әдісі:

Аукционшы аукционға қойылатын объектінің бастапқы (старттық) бағасын және бағаның өсу қадамын хабарлайды. Аукционшы өзінің аукциондық номерін бірінші көтерген қатысушының номерін хабарлап, бағаны бекітеді және қатысушыларға оны жоғарылатуды ұсынады. Қатысушылар номерлерін көтеріп белгіленген қадам бағасын жоғарылатады және одан да жоғары баға ұсынады. Сауда-саттық ең жоғары ұсынылған бағаға дейін жүреді. Аукционшы соңғы бағаны үш рет қайталап, басқа көтерілген баға болмаса, бағаны ұрып қалып, бұл объектінің сатылғаны жөнінде хабарлайды.

Егер бастапқы (старттық) баға хабарланғанда қатысушылардың бір де бірі бұл объектіні сатып алуға тілек білдірмесе, Аукционшы оның бағасын 15 проценттен асырмай төмендетуге құқылы және сауда-саттық ісін жүргізу қайталанады. Егер баға 15 процентке төмендеген соң қатысушылардың ешқайсысы объектіні сатып алу туралы өз ниетін білдірмесе, ол сауда-саттықтан алынады.

Бұл сату объектісі осы Ережеде сипатталған іс жүргізуге сәйкес бастапқы (старттық) бағаны 15 проценттік жеңілдікті (төмендетуді) ескере отырып, бастапқы (старттық) жаңа баға белгіленіп, сауда-саттық өткізудің ағылшындық әдісі бойынша келесі аукционға қойылады.

Мүлікті аукционға келесі үшінші рет шығарған жағдайда, Сатушы мұның алдындағы аукцион өткізілмеген жағдайда сатылатын мүліктің старттық бағасын 25 процентке азайтуға, ал аукцион өткізілгенде, бірақ объект сатылмаған жағдайда, сатылатын мүліктің бастапқы (старттық) бағасын 10 проценттен аспайтындай етіп азайтуға, яғни бірінші аукционда белгіленген бастапқы (старттық) бағасынан 40 проценттен аспайтын мөлшерде төмендетуге құқылы.

Мүлікті кезекті аукционға шығарғанда Сатушы сатылатын мүліктің бастапқы (старттық) бағасын тағы да 10 проценттен аспайтындай етіп азайтуға, яғни бірінші аукционда белгіленген бастапқы (старттық) бағасынан 50 проценттен аспайтын мөлшерде төмендетуге құқылы.

Егер бұдан кейін де мүлік сатылмаса, онда Сатушы объектіні соңғы аукционда белгіленген оның бастапқы (старттық) бағасы бойынша конкурстық тәртіппен сатуға құқығы бар.

2) Сауда-саттықтың голландық әдісі:

Аукционшы аукционға қойылатын объектінің бастапқы (старттық) бағасын және жаңа бағаны хабарлай отырып, оны жарияланған қадам бойынша төмендетеді. Аукционшы бағаны хабарлаған кезде аукциондық номерін бірінші көтерген қатысушының номерін айтады және балғаны ұрып қалып оны осы объект бойынша Жеңімпаз деп хабарлайды.

Егер бір уақытта екі немесе одан да көп номерлер көтерілсе, Аукционшы кімнің жеңімпаз екені жөнінде мынадай тәртіппен шешім қабылдайды: Аукционшы қатысушыларға бағаны көтеруді ұсынады және ең жоғары баға ұсынған қатысушы жеңімпаз болады. Қатысушылардың Аукционшының шешіміне шек келтіруге құқығы жоқ.

Егер объект жоғарыда көрсетілген аукционда сатылмаса, онда ол келесі аукционға қойылады. Мұндайда объектінің бастапқы (старттық) бағасы мұның алдындағы аукционға қойылған объектінің бастапқы (старттық) бағасының 25 процентінен төмен болмауға тиіс.

26. Аукционға бірнеше объектілер шығарған кезде әрбір объектіге сауда-саттық өткізудің әр түрлі әдісін қолдануға болады.

Әрбір сатылған объект бойынша сауда-саттық нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді.

27. Сауда-саттық барысында объектіге бірінші болып соңғы баға ұсынған қатысушы Ұйымдастырушының өкіліне қатысушы билетін көрсетуге тиіс және сол күні сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюы керек. Хаттамаға сондай-ақ Ұйымдастырушы мен Аукционшының өкілдері де қол қояды.

Хаттамада Сатушы, Аукционшы, сауда-саттық жеңімпазы, сату объектісінің атауы, сауда-саттықтың бастапқы (старттық) және түпкілікті бағасы, сондай-ақ сатып алу-сату шартына қол қою жөніндегі міндеттемелер және Сатып алушының сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқаны үшін жауапкершілігі көрсетіледі. Аукцион нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі Сатып алушыға беріледі және ол оның сатып алу-сату шартын жасау құқығын куәландыратын құжаты болып табылады.

28. Нәтижелер туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан қатысушы алдағы уақытта аукционға қатысу құқығынан айырылады және оған кепілдік жарнасы

қайтарылмайды. Мұндай жағдайда осы объект бойынша сауда-саттық қайта ж а н ғ ы р т ы л а д ы .

29. Аукцион өткізілгеннен кейін екі күннің ішінде Сатып алушы мен Сатушы арасында сатып алу-сату шарты жасалады, онда шарттың мәні, тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, сату объектісінің түпкілікті бағасы және төлем жасау шарттары (Сатушының банктік есепшотының номері және т.т.) көрсетіліп, Сатып алушы мен Сатушы қол қойған қабылдау-өткізу актісі жасалады.

5-тарау. Конкурс ұйымдастыру және өткізу тәртібі

30. Таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының мүлкін Конкурс арқылы сатқан кезде Сатушы республикалық немесе облыстық ресми баспа органдарында қазақ және орыс тілдерінде хабарландыру жариялауға тиіс.

Конкурс туралы хабарландыруда коммерциялық ұсыныс беру мерзімі көрсетілуге тиіс, ол хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 күннен кем болмауы және 30 күннен аспауы керек.

Коммерциялық ұсыныстар беру мерзімі өткен соң конкурс арқылы сата б е р у г е б о л а д ы .

31. Конкурсқа екеуден кем Сатып алушы қатысқан жағдайда ол болмады деп саналады да, қайта өткізіледі.

32. Қайта өткізілген конкурсқа бір Сатып алушы қатысқан жағдайда немесе конкурсқа қатысушының ұсынысы бастапқы (старттық) бағадан төмен болмаса, Сатушы конкурсқа қойылған мүлікті соңғы аукционда белгіленген бастапқы (старттық) баға бойынша осы Сатып алушыға сатуға құқылы.

Қайта өткізілген конкурста Сатып алушылар болмаған жағдайда, Сатушы мүліктің құнын ескере отырып, оны кез келген заңды немесе жеке тұлғаға сатуға не оны белгіленген тәртіппен есептен шығаруға құқылы.

33. Коммерциялық ұсыныстар тарату комиссиясының атына жазбаша түрде беріледі және жіппен қайымдалып, номерленген арнайы журналға тіркеледі.

Сатушы конкурстың әрбір қатысушысына оның таратылатын банктің, сақтандыру ұйымдарының мүлкін сатып алу туралы коммерциялық ұсыныс бергені жөнінде анықтама береді (жібереді), онда нақты сатып алынатын мүлік және Сатып алушы ұсынған баға көрсетіледі.

34. Тарату комиссиясы (Сатушы) конкурс мерзімі өтісімен келіп түскен ұсыныстарды өз мәжілісінде қарайды және ең жоғары баға ұсынған сатып алушыға банк мүлкін сату туралы шешім қабылдайды, ол жөнінде мәжіліске қатысқан тарату комиссиясы төрағасының, мүшелерінің және мәжіліс хатшысының қолы қойылған тиісті хаттама жасалады.

35. Сатушы конкурс жеңімпазы ретінде анықтаған Сатып алушыға оның коммерциялық ұсынысының қабылданғаны туралы 3 жұмыс күні ішінде және

сатып алу-сату шартына қол қою үшін хабарлама алған кезден бастап 3 жұмыс күні ішінде келуі қажет екендігін жазбаша түрде хабарлайды.

Сатып алу-сату шартында осы Ереженің 29-тармағында көрсетілген шарттар
б о л у ғ а т и і с .

36. Сатып алушы сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Сатушы мүлікті басқа Сатып алушыға сату туралы мәселені шешеді.

37. Сатушы конкурсқа қатысушыларға оның нәтижелері туралы жазбаша хабарлайды.

6-тарау. Сауда-саттыққа қатысушылармен есеп айырысу тәртібі

38. Сатып алушы мен Сатушы арасында сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін Сатып алушы бес банктік күн ішінде осы шартта көрсетілген соманы Сатушының банктік есепшотына аударуға және оған тиісті төлем құжатын
б е р у ғ е м і н д е т т і .

39. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалынан немесе уәкілетті банктен (Сатушының тұрған жері бойынша) таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының ағымдағы есепшотына сатылған мүліктің ақшасы (толық көлемде) түскені туралы растау алғаннан кейін, Сатушы осы сатылған мүлікті таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының балансынан есептен шығарғаннан кейін, оны Сатып алушыға (сауда-саттық жеңімпазына) қайта ресімдеп өткізеді.

40. Сатып алушы (аукционға қатысушы) аукционнан сатып алған мүлік үшін тиісті төлем жасамаған жағдайда, Сатушы аталған сатып алу-сату шартын осы шарттың талаптарында көзделуге тиісті біржақты тәртіппен бұзады. Сатып алушының төлеген кепілдік жарнасы оған қайтарылмайды және ол мүлік сауда-саттыққа қайта қойылуы мүмкін.

Сатып алушының (конкурсқа қатысушының) конкурстық сату объектісіне төлем жасамағаны үшін жауаптылығы оның және Сатушының арасында жасалған сатып алу-сату шартында көзделеді.

41. Сатушы аукционға қатысушы төлеген кепілдік жарнасынан аукцион ұйымдастыруға және өткізуге жұмсаған ақша сомасын ұстап қалады. Кепілдік жарнасының қалғаны аукционға қатысушыларға аукцион өткізілген күннен бастап есептегенде 3 банктік күн ішінде қайтарылады.

7-тарау. Сатудан түскен түсімді бөлу

42. Объектілерді сатудан түскен ақша аукциондар мен конкурстар дайындау және өткізу нәтижесінде алынған барлық ақша жинақталатын таратылатын банктің, сақтандыру ұйымының ағымдағы есепшотына есептеледі.

43. Бұл ақшадан сауда-саттық дайындығына және өткізуге байланысты жұмсалған шығындардың және басқа да шығыстардың орны толтырылады.

Тарату комиссиясы аукциондар және конкурстар өткізуден қалған ақшаны

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен пайдаланады.

8-тарау. Қорытынды ережелер

44. Аукцион және конкурс ұйымдастыруға және өткізуге қатысушы тараптардың даулары заңда белгіленген тәртіппен шешіледі.

45. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заң нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұлттық Банкінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК